Бекітемін:
«Болашақ» жеке бөбекжай
меңгерушісі: С.М.Нуменова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде «Жұлдыз» ортаңғы тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**2023 – 2024 оқу жылы**

**Түсінік хат**

2023–2024 оқу жылында «Болашақ» жеке бөбекжайының «Жұлдыз» ортаңғы тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралыҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама)

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген. Ортаңғы топта 3 жастағы балалар тәрбиеленеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың тәрбие мен оқытудың оқу жұмысына ойын арқылы уақыт бөлінеді.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын, қазақ тілі аптасына бір рет.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - математика негіздері күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарына міндеттері мен күтілетін нәтижесі жазылады, апталық циклограмма құрылады. Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың  оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған  ұйымдастырылған  іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** «Болашақ» жеке бөбекжайы
**Топ** «Жұлдыз» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы** 3жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 2023-2024 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| қыркүйек | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар**.<br>**Жүру:**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір бірден, екеуден (жұппен) жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы<br>қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойы мен жүру.<br>**Жүгіру:**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен  тура жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру<br>\2,5-5м қашықтық\<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтықта тура бағытта еңбектеу,өрмелеу.<br>**Секіру.**<br>Тұрған орнында қос аяқпен секіру,<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бірінің артына бірі сапқа тұру.<br>**Ырғақты жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды музыканың сүйемелдеуімен орын дау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.Қолды жоғары, алға көтеру.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты бір-біріне басынан жоғары беру.<br>Аяққа арналған жаттығулар.Аяқтың ұшына көтерілу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өз -өзіне қызмет көрсету дағдылары:** Белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісін тазалауға үйрету.Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету.Олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.(ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Қимылдық ойындарды қызығып ойнайды.<br>Күнделікті гигеналық сақтау қажеттілігін біледі.<br>Өзіне – өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие.<br>Салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие.<br>үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі;<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді.<br>Жүруде тепе-теңдікті сақтайды.<br>Бірқалыпты, аяқтың аяқтың ұшымен жүгіреді.<br>Заттарды оң және сол қолмен |

| | | |
|---|---|---|
| | | қашықтыққа лақтырады.<br>Заттардың арасымен еңбектейді,<br>қабырғаға өрмелейді.<br>Тұрған орнында қос аяқпен<br>секіреді.<br>Бір-бірден сапқа тұрады.<br>Жалпы дамытушы жаттығулардың<br>орындалу ретін сақтайды. |
| | **Қазақ тілі*** ** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым – қатынас жасауына жағдай жасау. Бір бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әркеттерде ауызекі сөйлеуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге ортақ тақырыпты әңгімелесуге, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикулияциялық және дауыс аппаратын дамыту .<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. Әңгімелесе білуге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бір – бірімен, ересектермен сөйлеседі. Күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады.<br>қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады;өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.<br>**Сөздік қор:**Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану..<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Дауысты дыбыстарды анық айтады; Ойындар арқылы сөздік қоры дамиды. Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстырады; Суреттер мен заттар арқылы байланыстырып сөйлейді. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылығын ояту**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға үйрету.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларғасөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескенойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>кітаптардағы суреттерді, ойыншықтармен заттарды қарастыра отырып сұрақтарға жауап береді. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигура: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру.Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде- астында, алдында-артында, оң- сол.<br>**Уақытты бағдарлау.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз - түнде, таңертең – кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; екі затты  белгілі өлшемі бойынша салыстырады.<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды. Қарама- қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. **Заттық әлем:**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары:**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие:**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.<br>**Менің Отаным – Қазақстан:**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі:**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:**<br>Ауа – райының жағдайын анықтау (суық , жылы, ыстық), табиғаттың маусымдық құбылыстарын бақылау.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез - құлық ережелерін сақтау.**<br>Саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты |

| | | |
|---|---|---|
| | | жинау, бұталарды сындырмау, топта терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау, серуенде ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру, оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау.<br>**Күтілетін нәтиже:** Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; дербестік танытады: көлік құралдарын атайды; «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер(қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының басқаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтанытады; үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды;табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды, топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез – құлық ережелерін сақтайды. |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып,дайын болған құрылыспен бірге ойнату.<br>**Күтілетін нәтиже:** Құрастыруды қызығушылықпен орындайды; |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысун жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі көгөністер мен жемістер, ыдыс – аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді(шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуге үйрету.<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату,тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Заттарды мүсіндеуге қызығады;<br>сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Желімдеу техникасын үйрету: Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу,желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады;<br>Желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады. |
| | **Музыка****** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту)<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді.<br><br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре – ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады |
| қазан | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Әртүрлі бағытта:тура,шеңбер бойымен «жыланша», шашырап тапсырмаларды орындай отырып жүру. **Тепе-теңдікті сақтау:**<br>Тепе теңдікті сақтай отырып,арқан бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Сапта бір бірден,алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Заттарды екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Секіру.**<br>2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып құрсаудан құр сауға секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бір бірінің жанына сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Бұрын үйренген жаттығуларды музыканың сүйемелдеуі мен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Жан-жаққа көтеру және түсіру.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты бір-біріне басынан жоғары артқа және алға беру.<br>Аяққа арналған жаттығулар.Аяқты алға қарай қою.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелереді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату<br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Арбалар, автомабильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br>**Мәдени гигеналық дағдыларды қалыптастыру:**<br>Мәдени – гигеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез – құлық дағдаларын қалыптастыру.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру**.<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) жәнезиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқытүсініктерді қалыптастыру<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қимылды ойындарды қызығып ойнайды.<br>Күнделікті гигеналық дағдыларды сақтау қажеттілігін біледі.<br>өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; |

| | | |
|---|---|---|
| | | салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие;<br>: Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді.<br>Жүруде тепе-теңдікті сақтайды.<br>Сапта бір-бірлеп, шеңбер бойы мен, шашырап заттарды айналып жүгіреді.<br>Оң және сол қолмен<br>қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады.<br>Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға<br>өрмелейді. Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып биік тіктен және ұзындыққа секіреді.<br>Бір-бірден сапқатұрады, сапта өз орнын табады.<br>Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды. |
| | **Қазақ тілі*** ** | **Сөздік қор:**<br>Тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Бір – бірімен күнделікті еркін ойында қарым – қатынас жасауға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баула.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**Дауысты (е,о) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.<br>**Сөздік қор:** Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін жалпы(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс , жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, ересектермен диолог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Дауысты  дыбыстарды анық айтады.Сөздерді септелуіне қарай байланыстырады. Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді өз ойын айтады |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, қатысуға ықпал ету, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу.<br>**Шама.**<br>Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруға үйрету.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигура: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен  таныстыру.Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде- астында, алдында-артында, оң- сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз - түнде, таңертең – кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады.<br>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді.Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, айтады. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды. Қарама – қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Өз іс – әрекетін оң және өзін – өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Көлік, байланыс құралдары:**<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Еңбекке баулу:**<br>Балалардың ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан:**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>Ағаштардың дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі:**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:**<br>Ауа – райының жағдайын анықтау (суық , жылы, ыстық), табиғаттың маусымдық құбылыстарын бақылау.<br>**Күтілетін нәтиже** :<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі.Балабақашаның үй – жайларымен ауласында тазалық сақтайды. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі.Кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және айтады. |
| | **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету,<br>Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапқарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып,бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұрғызады; |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сурет салу техниксының бастапқы дағдыларына ие |
| | **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;<br>қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі;<br>заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады; |
| | **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағуды үйрету.<br>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.<br>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады.<br>ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді, геометриялық фигураларды<br>ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді |
| | **Музыка****** | **Музыка тыңдау:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады<br>**Күтілетін нәтиже:** Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды айтады, қарапайым ырғақпен соғады.<br>Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. |
| қараша | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Қол ұстасып арқаннан ұстап,тоқтап,жартылай отырып, бұры лып,заттарды заттарды айналып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе теңдікті сақтай отырып тура жолмен ,бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Әртүрлі бағытта тура,шеңбер бойымен «жыланша»шашырап жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Оң және сол қолмен \1-1,5 метр қашықтықтан\допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Шеңберге тұру,\көзбен бағдарлау бойынша\<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Заттарды бір қолынан екінші қолына салу.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу.<br>Аяққа арналған жаттығулар.Аяқты жан-жаққа, артқа қою.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылдарды үйлестіру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру:**<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**Өз -өзіне қызмет көрсету дағдылары:**<br>Ересектердің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып,табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі.<br>Күнделікті гигеналық дағдыларды сақтау қажеттілігін біледі.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі.Салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие. Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді.<br>Тепе теңдікті сақтайды.<br>Сапта бір-бірлеп,шеңбер бойымен шашырап,заттарды айналып жүгіреді.<br>Допты жоғары, төмен лақтырады, қағып алады.<br>Заттардың арасымен еңбектейді.<br>Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып биіктіктен және ұзындыққа секіреді.<br>Бір-бірден сапқа тұрады, сапта өз орнын табады.<br>Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды.<br>Өз-өзіне қызмет көрсетудің |

| | | |
|---|---|---|
| | | бастапқы дағдыларына ие. |
| | **Қазақ тілі*** ** | **Сөздік қор:**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Дербес әрекеттерде ауыз екі сөйлесуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады.Сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады. Таныс ертегілермен шағын шығармалардың мазмұны бойынш сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Дауыссыз (п-б, )дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту,. Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Кейіпкерлердің сипаты үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Дауысты  дыбысын анық айтады.<br>Сөздік қорлары жаңа сөздермен толығады.<br>Сөздік қорлары жаңа сөздермен толығып,жұмбақ шешіп,санамақ айта алады. |
| | **Көркем әдебиет** | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын |

| | | |
|---|---|---|
| | | талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескенойындарға қатысуға ықпал ету.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Ертегі,әңгімелерді тыңдай біледі.<br>Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;<br>Тақпақтарды жатқа айтады. |
| | **Математика негіздері** | **Сан:**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру<br>**Шама:**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, )салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Уақытты бағдарлау**: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке<br>**Күтілетін нәтиже:** біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;<br>Заттарды салыстыруда тең тең емес тобын салыстыра алады.<br>Шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,ені,биіктігі,жалпы шамасы бойынша біледі.<br>Геометриялық фигураларды танып атайды<br>Уақытты бағдарлай біледі. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Заттық әлем:**<br>заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары:**<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Мүмкіндігіне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) болуға меңгерту.<br>. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің,бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:**<br>Ауа – райының жағдайын анықтау (суық , жылы, ыстық), табиғаттың маусымдық құбылыстарын бақылау.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез - құлық ережелерін сақтау.**<br>(саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды; Көлік құралдарын атайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс<br>айтады; кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып,дайын болған құрылыспен бірге ойнату. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісінеқарап, зерттейді;<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>өзі құраған құрылысымен ойнайды; |
| | **Сурет салу** | әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, үйрету.<br>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; |
| | **Мүсіндеу** | Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу<br>**Күтілетін нәтиже:** Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндейді; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Желімдеудің техникасын үйрету; Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі; |
| | **Музыка**** | **Музыканы тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуынажыратуға үйрету; оларды атай білу.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Күтілетін нәтиже:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен біргебастайды және аяқтайды; |
| желтоқсан | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Еденге қойылған заттардан аттап жүру,жан жаққа баяу айналу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе теңдікті сақтай отырып қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы тоқтап жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Оң және сол қолмен тік нысанаға нысана биіктігі\1,2 метр\ лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Арқанның,доғаның астымен\биіктігі40 см\көлбеу модуль бойымен ,туннель арқылы еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>15-20 см биіктіктен секіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Саптағы,шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта).<br>Аяққа арналған жаттығулар.Қолдарды алға созып, жартылай отыру.<br>**Қимылды ойындар.** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелереді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру:**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Салауатты өмір салты дағдылардын қалыптастыру:**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне – өзі қызмет көрсету дағдылары:**<br>Белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісін тазалауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қимылды ойындарды қызығып ойнайды. Күнделікті гигеналық дағдыларды сақтау қажеттілігін біледі. Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі. Өзіне – өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие. Заттарды айналып жүреді.<br>Тепе-теңдікті сақтайды.<br>Сапта бір бірлеп, шеңбер бойы мен,шашырап, заттарды айналып жүгіреді.<br>Оң және сол қолмен<br>қашықтыққа, көлденең нысанаға заттарды лақтырады.<br>Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға<br>өрмелейді. Биіктіктен және ұзындыққа секіреді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бір бірден сапқа , шеңберге<br>тұрады, өз орнын табады. |
| | **Қазақ тілі***** | **Сөздік қор:**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Бірлескен әрекеттері туралы келісуге дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады; кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Дауысты (п,б) және кейбір дауыссыз)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздерменбайыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Кейіпкерлердің сипаты үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:** дыбыстарды анық айтады. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айта алады. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтады; Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарғажауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады. |
| | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны |

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады; |
| | **Математика негіздері** | **Сан:**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру..<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру<br>**Шама:**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)салыстыру. Бір затты екінші затпен беттестіру<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау**: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:** біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; Бір затты екінші затпен беттестіру біледі. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.уақытты бағдарлай біледі. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Көлік, байланыс құралдары:**<br>. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) болуға меңгерту.<br>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әр қашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзіне туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:**<br>Ауа – райының жағдайын анықтау (суық , жылы, ыстық), табиғаттың маусымдық құбылыстарын бақылау.<br>**Күтілетін нәтиже:** көлік құралдарын атайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; табиғатқа қамқорлық танытады; |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастыру дағдыларын дамыту,<br>өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып,дайын болған құрылыспен бірге ойнату.<br>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді; |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | бейнелеу.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.<br>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; |
| | **Мүсіндеу** | Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылызаттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Желімдеудің техникасын үйрету; желімді қылқаламға, мұқиятжағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.<br>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:** Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді |
| | **Музыка**** | **Музыканы тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға жәнебілуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуынажыратуға үйрету; оларды атай білу.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірініңартынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.<br>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды,ойнақы, әуенді). |
| қаңтар | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір бірден, екеуден (жұппен) жүру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы<br>қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойы мен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Қарқынды өзгертіп жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Аяқтарын алшақ қоя отырып,1,5-2 метр қашықтықтан  допты бір-біріне,заттардың арасымен қақпаға домалату.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Саты бойымен өрмелеу.<br>**Секіру.**<br>Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп тұрған орнынан  жоғары секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.Қолдарын алдына немесе басынан жоғары шапалақтау.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта).<br>Аяққа арналған жаттығулар.Жартылай отыру,тізені қолмен ұстау.<br>**Қимылды ойындар.**<br>"Жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,<br>тізені жоғары көтеріп жүреді;<br>Жүруде тепе-теңдікті сақтайды;<br>Сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен,<br>шашырап, заттарды айналып жүгіреді;<br>Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға<br>өрмелейді және одан түседі; |
| | **Дене шынықтыру**** | **Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар. шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигеналық дағдыларды сақтау қажеттілігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени гигеналық дағдыларын жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) жәнезиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларыныңкешенін жүзеге асыру.Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу |

| | | |
|---|---|---|
| | | ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасызету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.<br>**Күтілетін нәтиже:** Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды |
| | **Қазақ тілі*** ** | **Сөздік қор:**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштардыжаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге,сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже**:күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауыссыз ( к-қ,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды |

| | | |
|---|---|---|
| | | заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларындұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Дауыссыз ( к-қ,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді жекеше түрде айта алады. ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарғажауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады; |
| | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларғасөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады; |
| | **Математика негіздері** | **Сан:**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>**Шама:**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)салыстыру. Өлшемдері қарама- |

| | | |
|---|---|---|
| | | қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биктігі бойынша биік-аласа,бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:** қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады; жанына қою тәсілдері арқылы салыстыра біледі; бір затты екінші затпен беттестіру біледі; ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.уақытты бағдарлай біледі; |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретіндесезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем:**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>**Көлік, байланыс құралдары:**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушығакөмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауғатәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие:**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан:**<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі:**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:**<br>Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа – райының жай – күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез - құлық ережелерін сақтау.**<br>(саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Күтілетін нәтиже:** жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды; «дұрыс» немесе «дұрыс |

| | | |
|---|---|---|
| | | емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды;табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; табиғатқа қамқорлық танытады; |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға жәнеқолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.<br>**Күтілетін нәтиже:** құрастыруды қызығушылықпен орындайды;<br>құрастырылатын құрылысты қарапайым<br>құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды;<br>әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстартұрғызады;<br>ұжымдық құрылыс жасауға қатысады;өзі құраған құрылысымен ойнайды; |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие;<br>қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген;<br>сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылызаттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және |

| | | |
|---|---|---|
| | | жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;<br>мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген;<br>қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі;<br>заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады;<br>жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді;мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды;<br>жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндердітаңдай алады;оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді;геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектерменбезендіреді;желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады; |
| | **Музыка**** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, |

| | | |
|---|---|---|
| | | әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Күтілетін нәтиже:** Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды;әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. |
| ақпан | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Әртүрлі бағытта,тура шеңбер  бойымен, «жыланша» шашы рап,тапсырмаларды орындай отырып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Жылдам \10-20 метрге дейін\,тоқтамай баяу қарқынмен   \50-60 сек ішінде\жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Допты жоғары лақтыру,төмен еденге соғу,қағып алу.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бір-бірінің жанына сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау<br>**Секіру.**<br>Сызықтан секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Бір-бірінің жанына сапқа тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Артына апарып шапалақтау.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен).<br>Аяққа арналған жаттығулар.Тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимыл түрлерін өзгерте ойнатқызу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигеналық дағдыларды сақтау қажеттілігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени гигеналық дағдыларын жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) жәнезиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқытүсініктерді қалыптастыру.Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларыныңкешенін жүзеге асыру.Балаларды |

| | | |
|---|---|---|
| | | үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасызету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.<br>**Күтілетін нәтиже:** заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие;<br>үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады;<br>үш дөңгелекті велосипед тебу<br>қабырғаға өрмелейді және одан түседі;<br>бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды;<br>қабырғаға өрмелейді және одан түседі;<br>бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; |
| | **Қазақ тілі*** ** | **Сөздік қор:**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға( зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады;дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады;өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді;алынған ақпаратқа сәйкес өзінің ойын білдіреді; |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиhаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларындұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. **Күтілетін нәтиже:** Дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді көпше түрде біледі. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс айта алады. |
| | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;<br>әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларғаеліктеп, жеткізеді;ересектермен<br>бірге ертегілерді,<br>қарапайым көріністерді ойнайды; |
| | **Математика негіздері** | **Сан:**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама:**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттардысалыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар:**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:** бір», «көп» ұғымдарын ажыратады;<br>жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді; біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады;<br>тең және тең емес заттар тобын салыстырады;<br>екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады;<br>ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді,<br>атайды;өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды;қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретіндесезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту<br>**Заттық әлем:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Әр түрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану.<br>**Көлік, байланыс құралдары:**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушығакөмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауғатәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің,бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:**<br>Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа – райының жай – күйін белгілеу.Ауа – райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғаттағы маусымдық құбылыстарды бақылау.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез - құлық ережелерін сақтау.**<br>(саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: |

| | | |
|---|---|---|
| | | балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** сюжетті-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады;<br>көлік құралдарын атайды;<br>балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар;<br>тұратын қаласы мен ауылы туралы,<br>Қазақстан Республикасының басқаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие;қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі;«дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер(қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтанытады; туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды;үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды;<br>табиғатқа қамқорлық танытады;<br>табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады;балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |
| | **Құрастыру** | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пласталиндарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісінеқарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып,бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. **Күтілетін нәтиже:** құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды;<br>әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады;<br>ұжымдық құрылыс жасауға қатысады;өзі құраған құрылысымен ойнайды; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды; |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, |

| | | |
|---|---|---|
| | | бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.Қазақ ою – өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:** сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылызаттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру<br>**Күтілетін нәтиже:** мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;<br>қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі;<br>жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді;мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды;жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; |
| | **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндердітаңдай алады;ересектер даярлаған |

| | | |
|---|---|---|
| | | ірі және ұсақ элементтерді орналастырады жәнежелімдейді;оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліпкөрсетеді; ұжымдық жұмыстарға қатысады және оларды қызығып жасайды; геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектерменбезендіреді;желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады; |
| | **Музыка****** | **Музыка тыңдау:**<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету.Оларды атай білу.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің даусына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады; |
| наурыз | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Қол ұстасып,арқаннан ұстап жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, тура жолмен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Бірқалыпты аяқтың ұшымен жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта,заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>Тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Шеңберге тұру,көзбен бағдарлау бойынша.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.Қолды алға, жан-жаққа созу.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше |

| | | |
|---|---|---|
| | | Аяққа арналған жаттығулар.Отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ойындарға күрделі ережелерді енгізу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді; қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды;<br>бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді;<br>тұрған орнынан ұзындыққа секіреді. |
| | **Дене шынықтыру**** | Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды үйрету<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру**<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер ,бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру<br>Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету<br>Шынықтыру шараларын жүргізу,жаттығулар мен массаж жасау<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескеру<br>Тыныс алужаттығуларын жасау<br>**Күтілетін нәтиже:**Күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие<br>Салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі |
| | **Қазақ тілі***** | Балалардың ересектер мен және құрдастарымен қарым қатынас жасауына жағдай жасау.<br>Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлеуге баулу<br>Ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу<br>Өз бетінше кітаптарды қарауға баулу<br>Сәлемдесуде, өтінішін білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу.<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Ауыз екі сөйлеуде әртүрлі балалар әрекетінде табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру<br>Тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>Жуан және жіңішке сөздерді ажыратуды үйрету<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады; сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады;<br>кітаптағы суреттерді, ойыншықтармен заттардықарастыраотырып,сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды;<br>таныс ертегілермен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталапайтады. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Дауысты (а,ә,е,о,ұ) дыбыстарды анық айту,<br>Дауыссыз (п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з) дыбыстарды анық айту,<br>Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br><br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,<br>Балалардың сөздік қорын жалпылаушы сөздермен байыту |

| | | |
|---|---|---|
| | | Дәстүрге байланысты балалармен ән айту<br>Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету<br>Шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету<br>Ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету<br>Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.<br>**Күтілетін нәтиже:** Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады.<br>Дұрыс сөйлеу қарқынына ие<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады.<br>Ересектердің сөзін тындайды және түсінеді<br>Кітаптардағы суреттерді өз бетінше басқа балалармен бірге қарастырады, оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздермен қарапайым сөз тіркестерінқ айталап айтады; тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқаайтады. |
| | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу.<br>Жаңа ертегілерді тыңдай білуге тәрбиелеу<br>Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға баулу.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқаайтуға үйрету<br>Кейіпкерлердің эмоционалдыо образын беруге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды.<br>Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады<br>Кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып сұрақтарға жауап береді. |
| | **Математика негіздері** | «Көп» , «бір» ұғымдары туралы түсініктер қалыптастыру<br>Заттардың санын ажыратуға үйрету<br>Екі затты өлшемі бойынша салыстыру |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бір затты екінші затпен беттестіру және жанын ақ ою тәсілдері арқылы салыстыру,<br>Балаларды геометриялық фигуралармен таныстыру<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау<br>Тең және тең емес  заттар тобын салыстыру. .<br>Фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**«Бір», «көп» ұғымдарын ажыратады<br>Біртекті заттарды топтастырады<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше заттарды табады<br>Тең жіне тең емес заттар тобын салыстырады<br>Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады.<br>Кеңістік бағыттарын анықтайды<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>«Мен» бейнесін өзін балалар  қоғамының  бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету<br>Балаларды бір-біріне  көмек  көрсетуге  тәрбиелеу.<br>Жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>Жануарлар әлемі туралы білімдерін кеңейту<br>Мейірімділікке, ата-аналарға көмек көрсетуге тәрбиелеу<br>Жағымсыз қылықтары үшін кешірім сұрауға  баулу<br>**Күтілетін нәтиже:** Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды; Көлік құралдарын атайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнайалады; әдептілік танытады:амандасады,қоштасады,көмектескені үшін алғыс айтады; кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардыңтүрлеріментаныстыру.<br>Үлгі бойынша  құрастыру.<br>Ұсақ  материалдардан  құрастыру.<br>Құрылыс материалдарынан  құрастыру |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қағаздан құрастыруға  үйрету<br>Ірі және ұсақ материалдардан құрастыру.<br>Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.<br>Түрлі қағаз қиындыларын ретімен орналастыру.<br>Құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды<br>**Күтілетін нәтиже:** Құрастыруды қызығушылықпен орындайды.<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді.<br>Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды. |
| | **Сурет салу** | Құмға сурет салуға мүмкіндік беру<br>Құмға таяқшалармен сурет  салу<br>Сурет салу кезінде қарындашты дұрыс ұстауды үйрету.<br>Асфальтқа бормен сурет  салуға  мүмкіндік беру<br>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды үйрету  .<br>Сурет салу кезінде қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету<br>Жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету<br>Сурет салу кезінде алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды  үйрету..<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>Шығармашылық  ойлауы мен  қиялын дамыту<br>Қылқаламмен сурет салу кезінде қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие;<br>Негізгі түстерді дұрыс атайды.<br>Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады<br>Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген<br>сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;<br>сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>Ермексаз кесектерінен бөліп алу<br>Ұқыпты болуға баулу.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату,<br>Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.<br>Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сазбалшық кесектерін домалату, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу.<br>Бірнеше бөліктерді қосу, біріктіру арқылы мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру<br>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу<br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен танысу<br>Ермексаз кесектерін пайдалана отырып көгөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Заттарды мүсіндеуге қызығады.<br>Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі.<br>Мүсіндейтін затты зерттейді<br>Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады.<br>Қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі. |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру<br>Берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау.<br>Дайын пішіндерді реттілікпен орналастыра отырып жапсыру.<br>Желімдеу техникасын үйрету<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға баулу<br>Пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек,шаршы,үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.<br>Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыру<br>**Күтілетін нәтиже:** Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;<br>Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдайалады;<br>Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді;<br>Оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді;<br>қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі; |
| | **Музыка****** | **Музыканы тыңдау:**<br>Музыка тыңдауға үйрету<br>Ән айту дағдыларын дамыту<br>Музыкалық жанрлармен таныстыру<br>Музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету<br>Музыкалық аспаптарды тануға үйрету<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес би қимылдарын орындау<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру<br>Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>музыкалықшығарманысоңынадейінтыңдайды,музыканыңсипатынтүсінеді;<br>әннiңқарқынынасәйкестоппенқосылыпәнайтады,әндібарлығыменбіргебастайдыжәне аяқтайды; |
| Сәуір | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Тоқтап жартылай отырып,бұрылып заттарды айналып жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып,қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Сапта бір бірден алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>Саты бойымен өрмелеу.<br>**Секіру.**<br>Тұрған орнында қос аяқпен ,2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып құрсаудан құрсауға секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Саптағы шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.Иықтарды жоғары көтеру.<br>Аяққа арналған жаттығулар.Таяқтың, білікшенің бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарды ойнату. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Мәдени гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өз -өзіне қызмет көрсету дағдылары:**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие;<br>Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды;бірқалыпты, аяқтың ұшымен,әртүрлі бағытта жүгіреді;сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді;<br>Тепе-теңдікті сақтайды , тұрған орнынан ұзындыққа секіреді. орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен женеҰзындыққа секіреді;<br>Оң және сол қолмен қашық тыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады; заттардың арасымен еңбектейді гимнастикалық қабырғаға<br>өрмелейді және одан түседі;<br>бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; |
| | **Қазақ тілі*** | **Тілдік дамытушы орта:**<br>Бір-бірімен күнделікті еркін ойында,дербес әрекеттерде ауызекі сөйлеуге,бірлескен әрекеттері туралы келісуге,ортақ тақырыпта әңгімелесуге,сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты,сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>Ауыз екі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Баланың сөздік қорын дамытуда,санамақтар,тақпақтар,жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді байланыстырып,сөз тіркестерін құрастыруға(зат есім және сын есім,зат есім және етістік)үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады;табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдана алады. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру,дәстүрге байланысты балалармен ән айту,би билету,жұмбақ шешкізу,жаңылтпаш,санамақ айтқызу,сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Суреттерді заттарды қарастыру арқылы өз ойын айтуға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** Дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айтады; кейіпкерлерді дауыс ырғағымен сипаттайды;сөздердің жіктелу, септелуіне қарай байланыстырады;дәстүрлерді дәріптеу мақсатында ән айтуби билеу жұмбаұ шешу санамақ айта алады. |
| | **Көркем әдебиет** | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. **Күтілетін нәтиже:** әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** «Тең бе?»<br>**Шама**: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Геометриялық фигура:**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау:**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң – сол, алдында – артында.<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Қарма – қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау:таңертең - кеш<br>**Күтілетін нәтиже:** тең және тең емес заттар тобын салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; геометриялық фигураларды үйренеді;кеңістік бағыттарын бағдарлай алады. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем:**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көлік, байланыс құралдары:**<br>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі:**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Отбасы мүшелерімен өзіне жақын адамдарының есімдерін атайды; қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды,; көлік құралдарын атайды; Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие;«дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; |
| | **Құрастыру** | Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Құрастыруды қызығушылықпен орындайды. |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету<br>**Күтілетін нәтиже:** Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық- түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Сазбалшықпен ермексаздың қасиеттерін біледі. |
| | **Жапсыру** | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:** Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген. |
| | **Музыка****** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Күтілетін нәтиже:** Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді: әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бастайды және аяқтайды |
| мамыр | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.**<br>Еденге қойылған заттардан аттап жүру,жан жаққа баяу айналу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Тепе-теңдікті сақтай отырып,бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**<br>Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру.<br>**Домалату,лақтыру,қағып алу.**<br>Допты жоғары лақтыру,төмен еденге соғу,қағып алу.<br>**Еңбектеу,өрмелеу.**<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта,заттарды айна лып,және заттардың арасымен еңбектеу.Еденге қойылған тақтай бойымен ,арқанның,доғаның асты мен еңбектеу.<br>**Секіру.**<br>Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп тұрған орнынан  жоғары секіру,сызықтан секіру,тұрған орнына 40 см қашықтыққа секіру.<br>**Сапқа тұру,қайта сапқа тұру.**<br>Саптағы шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).<br>Аяққа арналған жаттығулар.Таяқтың, білікшенің диаметрі 6-8 сантиметр бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру.<br>**Сауықтыру – шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар ауа, күн суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенінің жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Күнделікті мәдени – гигеналық дағдыларды сақтау қажеттілігін біледі. Бірлескен қимылдық |

| | | |
|---|---|---|
| | | ойындарға қатысады.Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды;<br>бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді;<br>сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен шашырап, заттарды айналып жүгіреді; тұрған орнынан ұзындыққа секіреді; орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және секіреді;<br>допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады;<br>заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі;<br>бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген; |
| | **Қазақ тілі*** ** | **Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты (а, ә) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.<br>**Тілдің граматикалық құрылымы.** Сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Дауысты дыбыстарды анық айтады. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтады. |
| | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Кітаптағы суреттерді қарастыра отырып сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп», «бір» **ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.**<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже**: Балалар «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; екі затты өлшемі бойынша салыстыра алады.<br>Геометрилық фигура: үшбұрышты біледі.<br>Өзіне қатысты кеңестік бағыттарын анықтайды.<br>Қарама – қарсы тәулік бөліктерін бағдарлай біледі. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамның бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойынға үйрету. Өз «іс –әрекеттерін он бағалау және өзін – өзі бағалауын ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем**<br>Заттардың пішінін көлемін түсін қарастырумен зерттеу дағдыларын қарастыру.<br>**Көлік байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен қарапайым ережелерімен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мамандық иелеріне құрметпен қарау олардың еңбектеріне қамқорлық таныту.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие .**<br>Балаларға жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл ҚР мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Өсімдектер әлемі.**<br>Кейбір өсімдіктер туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту, жабайы жануарлар жайлы түсіктерін қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа – райының жағдайын анықтау ( суық, жылы, ыстық) табиғат құбылыстарын бақылау.<br>**Күтілетін нәтиже:** Отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды. «Дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие.Үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды.<br>Балабақшаның үй –жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Құрастырылған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеу **Күтілетін нәтиже:** Құрастыруды қызығушылықпен ойнайды.<br>Ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды. |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.<br>**Күтілетін нәтиже:** сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Заттарды мүсіндеуге қызығады;<br>сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыраотырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; |
| | **Музыка****** | **Музыка.**<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.<br>**Музыка тыңдау.**<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен біріміңартынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді. Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен біргебастайды және аяқтайды. |